aigakmedia Instagram | Айғақ Медиа | Айғақ ТВ YouTube

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ MEDIA

№ 33
/sarsenbi/
12 tamyz
2020 жыл

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Jýldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaqy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

175 ЖЫЛ

БІЗ БҮКІЛ ӘЛЕМДІ АҚЫЛ-ОЙ МЕН ПАРАСАТТЫ ПАЙЫМ АРҚЫЛЫ ҒАНА МОЙЫНДАТА АЛАМЫЗ.

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ БІЛІМ АЛУ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЖОЛ АШАДЫ.

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «EGEMEN QAZAQSTAN» ГАЗЕТІНЕ ЖАРИЯЛАНҒАН «АБАЙ – РУХАНИ РЕФОРМАТОР» МАҚАЛАСЫНАН






# ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Инвестициялар тарту ұлттық экономиканың экономикалық өсімі мен оның бәсекеге қабілеттілігінің жоғарылауын анықтайтын, сондай-ақ оның әлемдік өндірістік үдерістермен ықпалдасуына ықпал ететін аса маңызды факторлардың бірі болып табылады. Қабылдаушы елдің экономикасына шетелдік инвестициялар ағыны кәсіпорындардың дамуын, адами капитал сапасын жоғарылатуды, жаңа жұмыс орындарын ашуды жеделдетіп, озық технологияларды тарта және олардың жанама салаларға таралуын ынталандыра алады. Сондықтан, соңғы екі он жылдықта жаһандық инвестициялар үшін бәсекенің күшеюі байқалады, бұл өз кезегінде мемлекеттің алдына елдің инвестициялар үшін тартымдылығын жоғарылатуға бағытталған экономикалық саясаттың кешенді шараларын әзірлеу мен жүргізу міндетін қояды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа арнаған «СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІ НЕГІЗІ» атты Жолдауында «Шетелден тікелей инвестиция тарту жұмыстарын барынша жандандыру қажет. Онсыз алдағы уақытта экономикалық өсім резерві шектеулі болады. Бұл – атқарушы билік басымдық беруі тиіс міндеттердің бірі.

Қазақстанның 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары аясында әрбір сала мен өңір үшін нақты мақсатты көрсеткіштер белгіленген» деп аймақ басшыларына нақты тапсырмалар жүктеген болатын. Тапсырманы жүзеге асыру мақсатында Түркістан облысында ауқымды шаралар атқарылды. Мәселен, Түркістан облысының әкімдігі мен "Turkistan Invest" инвестицияларды тарту және экспортты дамыту жөніндегі өңірлік Агенттігі биылғы соңғы 6 айда инвесторлармен 22 кездесу өткізді. Оның 17-сі шетелдік компаниялардың қатысуымен өткен. Бұл компаниялар өңірімізге шамамен 234 млрд. теңге инвестиция әкеліп, 2162-ден астам адамды жұмыспен қамтамасыз етуге дайын.

Қазіргі уақытта 94,65 млрд. теңге сомасына 13 жоба бойынша инвестиция тарту туралы шешім қабылданды.

"Turkistan Invest" қызметкерлерінің айтуынша, тартылған инвестиция 55 жобадан тұрады. Нәтижесінде Түркістан облысында бірқатар ірі кәсіпорындар пайда болады. Солардың бірі "Turkistan" индустриялық аймағының аумағында орналасқан "Brownfield" өндірістік алаңында ауыл шаруашылығы техникасын жасау болып табылады. Жоба 3 кезеңде жүзеге асырылады. Сомасы 12 миллион АҚШ долларын құрайтын жоба бойынша 100-ге жуық жұмыс орны ашылады.

Сондай-ақ, облыс басшылығы өңірдегі тоқыма саласын дамытуға ерекше көңіл бөлді.

Осыған байланысты Түркістан облысының әкімі Ө.Шөкеевтің Өзбекстан Республикасының делегациясымен кездесуі кезінде "Turkistan" индустриялық аймағының аймағында тігін цехын салу бойынша құны 1млн АҚШ доллары тұратын инвестициялық жобаны іске асыру туралы шешім қабылданды.

Естеріңізге сала кетейік, 2020 жылы Түркістан облысы бойынша жалпы сомасы 375,1 млрд. теңге болатын 94 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Бұл дегеніміз, 5 845 жаңа жұмыс орны құрылады деген сөз.

Оның ішінде шетелдіктер қатысуымен 13 жоба жүзеге асып, 2 820 жұмыс орны құрылады.

**Ұлжан НАУШАБАЕВА.**



# "Шәмші аллеясы" жаңа келбетке ие болады

Шымкенттегі Шәмші Қалдаяқов атындағы аллеяда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Атқарылып отырған жұмыстар туралы қала әкімінің бірінші орынбасары Шыңғыс Жұмабекұлы баяндады.

«Шәмші аллеясы» 2006 жылы салынған. Ал, 2011 жылы демеушілердің көмегімен гүлзардың орталық бөлігіне сахна, жаяу жүргіншілер алаңы, «жұлдыздар аллеясы» құрылған.

Соңғы жүргізілген анықтау жұмыстарының нәтижесіне орай, гүлзар ішіндегі жаяу жүргіншілер жолының 80 пайызынан астам плиталық төсеніштері жөндеуді қажет ететіні және сахна айналасындағы су бұрқақтың жабындары, темір бүріккіштері, жасыл желектерді суғару жүйелерінің жарамсыз болғандығы, демеушілер қаржысына салынған түнгі жарық шамдарының жер асты кабельдерінің үзіліп, талапқа сай күтіп ұстау жұмыстарын атқару мүмкін еместігі белгілі болған.

«2019 жылы Шымкент қаласының энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы тарапынан «Шәмші әлемі» гүлзарын абаттандыру жұмыстарының сметалық құжаттары әзірленіп, ұсынылған. Жоба құны 207,0 млн теңге. Күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуші бас мердігер - «Шымкент спец.комплекс» компаниясы. Жоба бойынша плиталық төсеніштерді толықтай жаңарту, суғару жүйесін алмастыру, қосымша көркейту элементтерін орнату және өзге де жұмыстарды атқару жоспарланған. Бүгінде «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасымен республикалық қазынадан 207 млн теңге қаржы бөлінді. Мұнда қазір 52 азамат жұмыс жасап жүр. Жөндеу жұмыстары қыркүйек айында аяқталып қалады. Сондықтан ақшаның жоқ кезінде жаңа аллеяны бұзып, қайта салды деген түсінік болмауы тиіс. Бұл қаржыны бөлудегі түпкі мақсат, жергілікті жерде жұмыс орындарын ашу», - дейді Шыңғыс Мұқан.



Бүгінде жауаптылар жөндеу жұмыстарын 3 аймаққа бөлген. Алғашқысы «Шәмші аллеясы», неке сарайы және көл аумағы. Алайда үш аумақ та жөндеуді талап етеді. «Шәмші аллеясында» төсеніштер алмастырылып, жұлдыздар аллеясы мен қолданыстағы ескерткіштер өзгеріссіз қалады.

Жалпы биыл қаланы абаттандыру мақсатында, осы жұмыстармен қатар, «Чернобыль» гүлзарын абаттандыру, «Әл-Фараби алаңындағы гүлзарды» абаттандыру сынды бірқатар нысандарда көгалдандыру жұмыстары жоспарланып (5 жоба), құрылыс жұмыстары басталған.

**Салтанат ТОЙБОЛОВА.**

## Абайдың қара сөздері

### ЖИЫРМА ТОҒЫЗЫНШЫ ҚАРА СӨЗ

Біздің қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны да жоқ.

Әуелі «Жарлы болсаң, арлы болма» дейді. Ардан кеткен соң, тірі болып жүрген құрысын. Егер онысы жалға жүргеніңде жаныңды қинап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол - ар кететұғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек - ол арлы адамның ісі.

«Қалауын тапса, қар жанады», «Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ» деген - ең барып тұрған құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой.

«Атың шықпаса, жер өрте» дейді. Жер өртеп шығарған атыңның несі мұрат? «Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол» дейді. Тәңірге жазып, мінбей-түспей арып, шөмеңдеп диуаналықпен бір күн болған буралық неге жарайды?

«Алтын көрсе, періште жолдан таяды» дейді. Періштеден садаға кеткірай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны. «Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті» дейді. Ата-анасынан мал тәтті көрінетұғын антұрғанның тәтті дерлік не жаны бар. Бұлардың бәрінен де қымбат ата-анасын малға сатпақ ең арсыздың ісі емес пе? Ата-ана шамасы келсе, михнаттанып мал жиса да, дүниелік жиса да, артымда балаларыма қалсын дейді. Ол ата-ананы малға сатқан соң, құдайға дұшпандық іс емес пе? Осындай білместікпенен айтылған сөздеріне бек сақ болу керек.

*Тағайындау*

## Арман ЖЕТПІСБАЕВ -

*Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары*



Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімімен және Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеевтің өкімімен Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары болып Жетпісбай Арман Шәріпбайұлы тағайындалды.

Арман Жетпісбай 1971 жылы Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Куйбышев селосында дүниеге келген. 1993 жылы - Қазақ химия-технология институтын инженер-құрылысшы мамандығы бойынша, 2002 жылы - Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін экономист мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1992 жылы коммерциялық құрылымдарда бастаған.

1998-1999 жылдары - «Алаутрансгаз», «Шымкентгаз» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінде директор болып жұмыс атқарған.

1999-2003 жылдары - «Қазкоммерцбанк» акционерлік қоғамы Шымкент филиалы директорының орынбасары, «Қазкоммерцбанк» акционерлік қоғамының Қызылорда филиалының директоры, «Қазкоммерцбанк Қырғызстан» акционерлік қоғамы басқарма төрағасының бірінші орынбасары лауазымдарын атқарған.

2003-2018 жылдары аралығында «ARNA Корпорациясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы, «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағының дирекциясы мемлекеттік мекемесінің директоры, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары, Шымкент қаласының әкімі, «ARNA Petroleum» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің байқау кеңесінің төрағасы, «Қазатомөнеркәсіп» акционерлік қоғамының басқарушы директоры, , «Samruk-Kazyna Construction» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы болып жұмыс атқарған.

2018 жылдан бүгінге дейін «Samruk-Kazyna Construction» акционерлік қоғамының бас директоры - басқарма төрағасының бірінші орынбасары, «Объектілердің құрылысын жүргізетін компания» корпоративтік қорының бас директоры лауазымдарын атқарып келді.

## Нұрбахыт ИМАНҚҰЛОВ -

*Түркістан облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасы басшысының міндетін атқарушы*



Түркістан облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасы басшысының міндетін атқарушы болып Иманкулов Нұрбахыт Насырұлы тағайындалды, — деп хабарлайды Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Нұрбахыт Насырұлы 1975 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданында туылған. Білімі жоғары. Экономика, Техника ғылымдарының докторы.

Еңбек жолын 1996 жылы «Водоканал» басқармасында фрезеровщиктен бастаған. «Ақ бұлақ сервис» МКК техник, мастер болған. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің индустрия және энергетика департаментінің жетекші маманы қызметін атқарған.

2000 – 2002 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің энергетика басқармасының жетекші маманы, бөлім бастығы, Шымкент қаласы әкімшілігінің энергетика және коммуналдық қызмет бөлімі бастығы орынбасарының м.а. қызметін атқарған.

2002 – 2004 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің индустрия, энергетика және коммуналдық шаруашылық департаментінің бөлім бастығы, басқарма бастығының орынбасары лауазымын атқарған.

2004 – 2006 жылдары Арыс қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарған.

2006 – 2013 жылдары Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданының әкімі қызметін атқарған.

2013 жылдың қараша айынан бастап жаңа қызметке дейін «Kontinentalstroi» ЖШС атқарушы директоры болып еңбек етіп келді.

## МАГИСТРАТУРАҒА ТҮСУГЕ АРНАЛҒАН КЕШЕНДІ ТЕСТІЛЕУ 17 ТАМЫЗДА БАСТАЛАДЫ

Оқуға түсушілердің жеке кабинеттеріне (ҰТО сайтында) КТ өткізілу күні, уақыты және орны көрсетілген жаңа рұқсаттамалар жіберіледі. Тестілеудің қорытындысы бойынша куәлік электрондық нысанда беріледі.

КТ 18 өңірлік тестілеу орталығының базасында компьютерлік форматта өтеді. Академиялық адалдықты сақтау мақсатында әр компьютер бейнекамерамен қамтамасыз етіледі.

Әр қатысушы үшін тестілеу дербес басталады. Тестіленушілер сұрақтарды өткізіп жіберіп, алдыңғы сұрақтарға қайта орала алады және жауап нұсқаларын өзгерте алады. Тестілеу аяқталған соң 30 минут ішінде апелляцияға тапсыруға болады.

Тестілеу уақыты - 3 сағат 55 минут, тапсырмалар саны - 130.

Комиссия оқуға түсушіні тыйым салынған заттарды алып өтуге тырысқаны үшін немесе бөгде адам арқылы тестілеуді тапсыруға тырысқаны үшін кешенді тестілеуге жібермеуі мүмкін.

Тестіленушілерді кіргізу және отырғызу кезінде санитарлық қауіпсіздік шаралары сақталады.

Толық ақпарат ҚР БҒМ ҰТО сайтында жарияланды.

**«Айғақ»-ақпарат.**

## ТОҚАЕВ ЛУКАШЕНКОНЫ ПРЕЗИДЕНТ БОЛЫП ҚАЙТА САЙЛАНУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан Александр Лукашенко-ны Беларусь Президенті болып қайта сайлануымен құттықтап, жеделхат жолдады.

«Саяси жағдайдың күрделі болғанына қарамастан сайлаудың қорытындысы халық Сіздің Беларусь мемлекетінің егемендігі мен тәуелсіздігін нығайтуға негізделген стратегиялық бағытыңызды қолдайтынын көрсетті», – делінген жеделхатта.

Президент екі ел халқының игілігі үшін Қазақстан мен Беларусь арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық алдағы уақытта да




табысты дами береді деп сенетінін жеткізді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Лукашенкоға Беларусь Республикасының Президенті ретінде ойға алған барлық жоспарын толық жүзеге асыруды, ал Беларусь халқына бейбітшілік, өзара түсіністік пен өсіп-өркендеу тіледі.

**Ақорда.**

## АЗИЯДАҒЫ ЕҢ ІРІ ӘМБЕБАП АТУ КЕШЕНІ ЕНДІ ШЫМКЕНТТЕ БОЛАДЫ

Халықаралық спорттық ату Федерациясы мен Азия ату конфедерациясының ұзақ мерзімді ынтымақтастығының нәтижесінде Шымкент қаласында «SHOOTING PLAZA» әмбебап ату кешенінің құрылысы бойынша ауқымды жоба жүзеге асырылуда. Бұл жөнінде қалалық дене шынықтыру және спорт басқармасы хабарлады.

Кешен құрылысы аяқталғаннан кейін Шымкентте ату спорты түрлерінен халықаралық деңгейдегі спорттық жарыстар өткізу мүмкін болмақ.

Мамандардың айтуынша, «SHOOTING PLAZA» кешені бұрынғы Комсомол көлі ауданындағы "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық автожолына жақын жерде ату алаңы аумағында орналасқан. Жалпы ауданы 14 гектарды құрайды. Нысан осы жылдың қазан айында пайдалануға беріледі деп жоспарланған.

«SHOOTING PLAZA» - жобасы толыққанды жаттығу кезеңін ұйымдастыру және ату спорты түрлері бойынша әлем чемпионаттары секілді ірі спорттық іс-шараларды өткізу үшін барлық қажетті инфрақұрылымыммен қамтамасыз етіледі.

Спорт кешені Азия аймағындағы ең ірі ату кешені болатынын айта кету керек. Жобаның құрылысы ату спортын одан әрі дамытуға үлесін қосады.

Айта кетейік, ату спортының жүйріктері Токиодағы XXXII жазғы Олимпиада ойындарына алғашқы екі лицензияны жеңіп алды. Бүгінгі таңда ату спорт түрінен қазақстан ұлттық құрама командасының негізгі құрамының 60% - ы Шымкентте тұрады.

**«Айғақ»-ақпарат.**

## 10 ТАМЫЗ - АБАЙ КҮНІ




Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 10 тамыз Абай күні болып белгіленді.

Осыған орай, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай - рухани реформатор» атты мақаласы басылымы бетінде жарық көрді.

Ұлы ақынның шығармашылығымен етене танысу мақсатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа "Абайтану" оқулығы мен хрестоматиясын әзірлеуді тапсырды.

10 тамыз күні елміздің барлық өңірлерінде кең көлемде іс-шаралар өтті. Онлайн режимде мәдени шараларды халық тамашалауға мүмкіндік алды.

Сондай-ақ, Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай монета шығарылды. "Абай жолы" эпопеясының видеосаммариі жарық көрді.

*Мәмс пакеті*

## САҚТАНДЫРЫЛҒАНДАРҒА КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

1) емханалық-амбулаторлық көмек (әлеуметтік мәні бар аурулар мен өкілетті орган тарапынан бекітілген тізімдегі айналасына қауіп төндіретін сырқаттарға шалдыққандарға көрсетілетін медициналық көмекті қоспағанда):

• Алғашқы медициналық-санитарлық көмек

• Алғашқы медициналық-санитарлық көмек маманының және салалық мамандардың жолдамасы бойынша консультациялық-диагностикалық көмек;

2) амбулаторлық деңгейде дәрігердің рецептісі бойынша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету

3) стационарлық көмек (әлеуметтікмәні бар аурулар мен өкілетті орган тарапынан бекітілген тізімдегі айналасына қауіп төндіретін сырқаттарға шалдыққандарға көрсетілетін медициналық көмекті қоспағанда)

• Жоспарлы түрде ауруханаға жатқызу саны шеңберінде, алғашқы медициналық-санитарлық көмек маманының немесе өзге медициналық ұйымның жолдамасы бойынша көрсетілетін жоспарлы стационарлық көмек; бұған жоғары технологиялы медициналық қызметтер де кіреді;

• Шұғыл көрсетілімдер бойынша – алғашқы медициналық-санитарлық көмек маманының немесеөзге медицина ұйымының жолдамасы бар-жоғына қарамастан;

4) алғашқы медициналық-санитарлық көмек маманының немесе өзге медицина ұйымының жолдамасы бойынша – стационарды алмастыратын көмек (әлеуметтік мәні бар аурулар мен өкілетті орган бекіткен тізімдегі айналасына қауіп төндіретін сырқаттарға шалдыққандарға көрсетілетін медициналық көмекті қоспағанда).

## НЕ ӨЗГЕРІССІЗ ҚАЛАДЫ?

Мемлекет тегін медициналық көмектің мынадай түрлеріне кепілдік береді:

1) жедел медициналық жәрдем және санитарлық авиация;

2) әлеуметтік мәні бар аурулар мен өкілетті орган тарапынан бекітілген тізімдегі айналасына қауіп төндіретін сырқаттарға шалдыққандарға, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңы бойынша МӘМС жүйесінде медициналық көмек алуға құқығы жоқ тұлғаларға көрсетілетін емханалық-амбулаторлық көмек. Оған мыналар кіреді:

• алғашқы медициналық-санитарлық көмек;

• алғашқы медициналық-санитарлық көмек маманының және салалық дәрігердің жолдамасы бойынша көрсетілетін консультациялық-диагностикалық көмек;

3) стационарлық көмек:

• әлеуметтік мәні бар аурулар мен өкілетті орган тарапынан бекітілген тізімдегі айналасына қауіп төндіретін сырқаттарға шалдыққандарға көрсетілетін жоспарлы стационарлық көмек – жоспарлы түрде ауруханаға жатқызу саны шеңберінде алғашқы медициналық-санитарлық көмек маманының немесе өзге медициналық ұйымның жолдамасы бойынша;

• шұғыл көрсетілімдер бойынша – жолдаманың бар-жоқтығына қарамастан;

4) алғашқы медициналық-санитарлық көмек маманының немесе өзге медициналық ұйымның жолдамасы бойынша, әлеуметтік мәні бар аурулар мен өкілетті орган тарапынан бекітілген тізімдегі айналасына қауіп төндіретін сырқаттар кезінде стационарды алмастыратын көмек;

5) профилактикалық екпелер.

**К.НАДИРОВ,**

*№6 қалалық емхананың хирург дәрігері.*

# ШЫМКЕНТТЕ АБАЙ ЕСКЕРТКІШІНЕ ГҮЛ ШОҚТАРЫ ҚОЙЫЛДЫ





Бүгін Шымкентте Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы аясында қала әкімінің бірінші орынбасары Шыңғыс Мұқан мен қалалық мәслихат хатшысы Ғани Ташқараев Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Сонымен қатар, олар Абай мұражайында болып, танымдық экскурсия жасады. Артында өшпес мұра қалдырған ойшылды өскелең ұрпаққа кеңінен дәріптеу мақсатында 1995 жылы Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында саябақ алдына ескерткіші орнатылған болатын.

Бұдан өзге, Шымкентте Абай Құнанбайұлының есімі берілген 1 аудан, 1 даңғыл, кітапхана, мұражай, саябақ бар.

Нақтырақ айтқанда, 2004 жылы «Шымкент қаласында аудандар құру туралы» Шымкент қалалық мәслихатының шешімі және әкімдік қаулысымен Абай ауданы құрылды. Ауданның аумағы 50 мың гектарға жуық. Бүгінде онда 323 мыңға жуық тұрғын қоныстанған.

Ал, ұзындығы 2 шақырымға созылатын даңғылға Абай есімі 1990 жылы берілді.

Сондай-ақ, 1964 жылда құрылған қалалық орталық кітапханаға 2005 жылы ҰР Үкіметінің қаулысына сәйкес Абай есімі берілді.

Шымкенттіктердің сүйікті демалыс орнына айналып үлгенген қазіргі Абай саябағы - 1967 жылы «50 лет Октября» саябағы болып ашылған болатын. Ол 1991 жылы 23 мамырда данышпан ақын Абайдың есіміне өзгертілді. Онда Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған аллея, үлкен даңқ мемориалы, субұрқақ, шағын сәулет нысандары және мерекелік іс-шаралар өткізуге арналған сахна бар.

Сонымен қатар, 2009 жылдың 22 қыркүйегінде Абай саябағынан Хакім Абай мұражайы ашылды.

# МЕГАПОЛИСТЕГІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ МӘСЕЛЕЛЕРІ ШЕШІМІН ТАУЫП ЖАТЫР



Мемлекет тарапынан халықтың әлеуметтік ахуалын арттыру мақсатында қолдауы тоқтамақ емес. Тұрғындардың жағдайын жақсарту мақсатында бүгінде барлық алыс және жақын ауылдарда көптеген жұмыстар атқарылуда. Атап айтқанда газ, су, жарық, сондай-ақ, жол мәселесі кезең кезеңімен өз шешімін табуда.

Шымкент қаласы республикалық маңызы бар қала атанудың алдында жер көлемі біраз ұлғайған болатын. Іргелес жатқан аудандардағы қалаға қосылған елді мекендерде инфрақұрылым мәселесі ең өзекті болып тұрған еді. Кейіннен Шымкент еліміздегі үшінші мегаполис атанып, жаңадан қосылған шағын аудандарда аталмыш мәселенің түйіні біртіндеп шешіліп келеді. Мәселен, Шымкент қаласы, Сәуле шағын ауданындағы 276 орам шаһарға Сайрам ауданынан қосылған. Бүгінде онда 700-ге жуық тұрғын тұрады. Алайда, бұл маңда биылға дейін ауыз су, жарық, жол мәселесі өзекті болып келген. Қала әкімі Мұрат Әйтенов көп жылдан бері күрмеуін таппаған инфрақұрылым проблемасын жіті бақылауына алып, жауапты мекемелерге тапсырма берген болатын. Нәтиже көп күттірмеді. Қаланың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы тарапынан бес шақырым жолға шағал тас төселді. Яғни, тұрғындардың жүретін жолына 100 пайыз тас төселді.

Мұнан бөлек 276 орамды электр жүйесімен қамтамасыз ету мақсатында демеушілер тарапынан 25 бағана, 2 шақырым сым және қуаттылығы 160 кВт көтеретін трансформатор орнатылып, 150-ге жуық тұрғын үй сапалы электр қуатымен қамтамасыз етілді.

Ал, аумақты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін, демеушілер тарапынан 350 метрге жуық су құбырының қазба жұмыстары жүргізіліп, ауыз су жүйесі тұрғындардың игілігіне пайдалануға беріліп отыр.

Сондай-ақ, 276 орамды инженерлік-инфрақұрылыммен толық қамтамасыз ету үшін жобалық-сметалық құжаттамасы дайындалып жатыр. Жоспар бойынша құжат жыл соңында дайын болуы тиіс.

Ал, Абай ауданындағы 5 тұрғын алап пен 2 шағын ауданды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында құрылыс жұмыстары жүріп жатыр.

Сондай-ақ, Жиделібайсын мен Гагарин көшелерінің қиылысынан Көкбұлақ тұрғын алабына дейінгі 28,3 шақырымды құрайтын магистралды су жүйесінің құрылысы да кестеге сәйкес атқарылуда.

Қазіргі таңда Абай ауданының 78,5 пайызы ауыз сумен қамтылған. Аталған құрылыс жұмыстары аяқталған жағдайда ауданда ауыз сумен қамтылатын елді мекендер саны 31-ге жетіп, 87 пайызды құрайтын болады. Жыл соңында Жаңаталап, Игілік, Қызылжар, Тәуелсіздікке - 20 жыл, Көкбұлак тұрғын алабындағы 3500-ге жуық отбасы сапалы ауыз суға қол жеткізеді. Мердігер компаниялар құрылыс жұмыстарын қарқынды жүргізіп жатыр.

Ынтымақ-2 және Батыс шағынауданында жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстары келесі жылы аяқталады. Осы мақсатта биыл бюджеттен 280 миллион теңге қаржы бөлінген.

Сонымен қатар, Солтүстік саяжай шағын ауданын ауыз сумен қамту жұмыстарына ЖСҚ дайындалған, ал Ақтас тұрғын алабына тіршілік нәрін жеткізу үшін ЖСҚ дайындалу үстінде.

Бұан бөлек, Құрсай шағын ауданы, Қызылжар және Ынтымақ шағын аудандарын ауыз сумен қамту жоспарланып отыр.

Бүгінде Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов шаһарды газдандыру мәселесін жіті бақылауға алған. Осыған орай, қаланың шалғай аудандарын көгілдір отынмен қамтамасыз ету жұмысы қарқын алды.

Атап айтқанда, Абай ауданы Алтынтөбе тұрғын алабындағы 208 үй келер жылы көгілдір отынға қосылады.

Ал, Көкбұлақ тұрғын алабына газ жүйесін тарту жұмыстары бойынша жобалық сметалық құжаты дайындалып бітті.

Сонымен қатар, Абай ауданындағы шалғай орналасқан он бір мыңнан аса тұрғын үйге газ жүйесін жүргізу бойынша ұсыныс берілді.

Оның ішінде, Ақтас шағын ауданы, Тәуелсіздікке 20 жыл тұрғын алабы, Айкөл тұрғын алабы, Ақтас-2 тұрғын алабы, Арғымақ шағын ауданы, Ынтымақ-2 шағын ауданы, Солтүстік саяжай шағын ауданы, Құрсай шағын ауданы.

Айта кету керек, қаладағы шағын аудандар мен тұрғын алаптарды тұрақты түрде сапалы табиғи газбен қамтамасыз ету мақсатында, магистралды газ тарату жүйесі бойынша 200 000м3/сағ. құрайтын жаңа үшінші автоматтандырылған газ тарату станциясының (АГРС-3) құрылыс жұмыстарын жүргізуге республикалық бюджеттен 2,4 млрд теңге қарастырылған.

# НАВИГАЦИЯЛЫҚ СТЕЛАЛАР – ТУРИСТЕРГЕ ЗОР КӨМЕК

Шымкент туристердің қызығатын орындарының бірі десек, артық айтпағандығымыз. Өзінің шығыстық стилі және қонақжайлылығымен тек республика төңірегінде ғана емес, алыс және жақын шетелдіктерді де қызықтыратыны рас. Үшінші мегаполис атанғаналы Шымкенттің көркін арттыру мақсатында қыруар жұмыстар атқарылуда. Одан бөлек, мәдени, демалыс орындарының санының артуы «Мәдени астананың» маңызын арттыра түсіп отыр. Ал болашақта жоспарланған сан-салалы құрылыс жұмыстары туристердің санының артуына сеп болмақ.

«Мәдени астана» аясында және қалаға келетін өзге де қонақтарды Шымкент қаласының көрікті жерлерімен таныстыру мақсатында Туризм басқармасы тарапынан қаланың ірі көшелерінің қиылысына ақпараттық навигациялық стелалар орнатылып жатыр.

Навигациялық стела – бұл жақын орналасқан туристік нысандар туралы ақпарат көзі ретінде қызмет ететін, әрі аймақта жылдам бағыт алуға жағдай жасайтын шағын көлемді дизайн.

Бүгінгі таңда аталған навигациялық стелалардың бірі - Б. Момышұлы және Желтоқсан көшелерінің қиылысында орнатылды. Алдағы уақытта бұдан өзге 29 стеланы орналастыру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

# «Shymkent bike» ЖОБАСЫ ҚАЙТА ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ



Шымкент қаласында үлкен магистралды көшелерге веложолақтар салынып жатыр. Жұмыстар толығымен аяқталар болса тұрғындар велосипедті қоғамдық көлік ретінде қала аумағында пайлануына мүмкіндік туады.

«Shymkent bike» әлеуметтік-инновациялық жобасы шеңберінде 200 велосипедті құрайтын 40 велостанция іске қосылуға дайын тұр. Алдағы 1,5-2 айдың көлемінде велосипедтер тұрғындар игілігіне беріледі деп күтілуде.

Жоба аясында пайдаланушылар үшін қолжетімді және ыңғайлы тарифтік жоспарлар әзірленген. «Bike Sharing» жүйесі арқылы тұрғындар мен қала қонақтары велосипедті жалға алудың алғашқы 30 минутында тегін айдай алады. Яғни, велосипедтерді жақын орналасқан станцияларда алмастырып, ұзақ уақыт бойы тегін қолдануға мүмкіндік болады.

**Абоненттік төлем:**

1 айлық абонемент - **2500 теңге;**

3 айлық абонемент - **6000 теңге;**

1 жылдық абонемент - **10 000 теңге.**

**Тарифтер:**

1 сағ. - **100 теңге** 2 сағ. - **250 теңге** 3 сағ. - **500 теңге**

3 сағаттан асса **1000 теңгеден болады деп жоспарланған.**

**Бетті дайындаған: Сандуғаш ӘБДІҒАПБАР.**




# ТҮРКІСТАНДАҒЫ ІРІ НЫСАНДАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ



Түркістанда биыл пайдалануға берілетін ірі нысандардың құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Тұңғыш Президент саябағы, Арбат, Қ.А.Яссауи мен Рәбия Сұлтан Бегім кесенелерін қалпына келтіру, Мәдени-рухани орталығының инженерлік инфрақұрылымының құрылысы мен абаттандырылуда. Сондай-ақ Әзірет Сұлтан қорық мұражайының аумағын абаттандыру, Күлтөбе көне қонысының тарихи орындарын қалпына келтіру, желілік саябақ, Кеңсай-Қосқарған-2 су қоймасы, сауықтыру кешені, Шошқакөл көлдер жүйесін жаңғырту және дендросаябақ нысандары бойынша құрылысы жүргізіліп жатыр. Бұл туралы толық аптаның алғашқы күні Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеевтің төрағалық етуімен өткен апталық мәжілісте белгілі болды.

Сондай-ақ, биыл жол инфрақұрылымын дамыту мақсатында әкімшілік-іскерлік орталығына іргелес орналасқан, яғни инфрақұрылымы толық аяқталған жерлерде 106,3 шақырым құрайтын 81 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізу жоспарланған болатын. Бүгінде 70 көшеде сарқынды су жүйесіне арналған футляр орнату, жол негізін даярлау, аяқ жолдардың жиектастарын орнату жұмыстары жүргізілуде. 60 көшеде асфальт төселіп, басым бөлігінде аяқжолдар жүргізілген. Күрделі құрылыс нысандарының аумағында және оларға іргелес жатқан 11 көше бойынша жөндеу жұмыстары күзге дейін аяқтау жоспарланған.

# КЕНТАУ КӨШЕЛЕРІМЕН ЖҮЙІТКИТІН КҮН АЛЫС ЕМЕС

Түркістан облысының экономикасы серпінді дамуда. Өңірде «Нұрлы жер», «Қарапайым заттар экономикасы», «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» және басқа да даму бағдарламалары белсенді түрде жүзеге асырылып жатыр. Кентау қаласында 122 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатса, соның ішінде “Жұмыспен қамту – 2020” және



“Жол картасы” бағдарламалары аясында жалпы ұзындығы 26 шақырымды құрайтын 11 көшенің құрылысы “Жұмыспен қамту – 2020” және “Жол картасы” бағдарламалары аясында жүзеге асырылуда. Ал, 96 көшенің жөндеу жұмыстары мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында атқарылып жатыр. Оның 37-сі ағымдағы, 48 көше орташа жөндеуден өтпек.

Халықтың тұрмыстық, рухани, мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, толық және жан-жақты дамыту үшін – әлеуметтік инфрақұрылымның маңызы зор. Әлеуметтік инфрақұрылым адамдарға өз өмірін ыңғайлы етіп ұйымдастыруға көмектесу үшін керек.

Жалпы Кентау қаласындағы бірқатар жолдардың тозығы жетуіне байланысты жауын-шашын күндері көшелерді су басып, тұрғындарға қолайсыз жағдай туындатып жататыны жасырын емес. Осы аталған мәселені оңтайлы шешу мақсатында қала көшелеріне ағымдағы және орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтады жауапты мамандар. Жөндеуден өткізіліп жатқан көшелерге суағарлар мен аяқ жолдар салынуда. Қазіргі заман жағдайында әлеуметтік инфрақұрылым қоғамның экономикалық және әлеуметтік тиімділігінің маңызды факторы, адамның ұтымды өмір сүруі үшін материалдық мүмкіндіктерді қолдануының тереңдігі мен кеңдігінің көрсеткіші, сонымен қатар мемлекет экономикасының әлеуметтік бағдарлану деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Айта кетейік, Кентау қаласында 2020 - 2025 жылдар аралығында жалпы ұзындығы 101,7 шақырым болатын 142 ішкі орам көшеге ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады.

Түркістан облысының орталығымен іргелес жатқан ауданда инфрақұрылым мәселесін шешу, оның ішінде жолдардың жөнделуі туризм саласына да оң әсерін тигізбек. Себебі, туризмді дамыту, ең әуелі осы инфрақұрылым мәселесінде түйіткілдің болмауын қажет етеді. Инфрақұрылым мәселелеріне тағы елді мекендерді су, жарық және көгілдір отынмен қамтамасыз ету болса, бүгінде аймақ басшысы Өмірзақ Шөкеевтің тапсырмасына сәйкес, Түркістандағы экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында шағын аудандар мен тұрғын алаптарда орналасқан әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандарды газдандыру жұмыстары жүргізілуде.

Айта кетейік, облыс орталығын газдандыру ісі 11 кезеңмен жүзеге асырылуда. Жыл соңына дейін шаһарды көгілдір отынмен қамтитын 7 нысанды пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Қазіргі уақытта Түркістанда 7 262 абонент табиғи газға қол жеткізді. Жыл соңына қарай бұл көрсеткішті 50% -ға жеткізу көзделген.

Бүгінде облыс орталығының 170,028 тұрғыны (98,9%) орталықтандырылған су жүйесімен жабдықталған. Еліміздің рухани астанасына сапалы ауыз су магистралды су жүйелері арқылы Кентау қаласынан жеткізіледі. Мұнымен қоса, Кентау қаласынан Түркістан қаласының су қоймасына дейінгі магистральдық су құбырын салу жобасы жүзеге асырылуда. Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын жоба аясында сумен жабдықтау жүйесінің құрылысы мен 5 су ұңғымасын бұрғылау қарастырылған. Барлық жұмыстар кестеге сәйкес жүргізілуде.

Сондай-ақ, Түркістанда орталық қазандық қайта қалпына келтірілуде. Құрылыс жұмыстарын жылыту маусымы басталғанға дейін аяқтау жоспарланған. Нәтижелі жұмыстың арқасында жылыту маусымында 87 көпқабатты тұрғын үй, 60 коммерциялық нысан және 28 бюджеттік мекеме тұрақты және сапалы жылумен қамтамасыз етілетін болады.

**Бетті дайындаған:**
**Салтанат ТОЙБОЛОВА.**

# ТӨЛЕБИДЕ ТАҒЫ БІР ӨНДІРІС ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Шағын және орта бизнесті дамыту ішкі экономиканың дамуына зор үлес қосады. Сондықтан да, соңғы он жылда осы бір саланың дамуына мемлекет тарапынан зор қолдау болса, өз кәсіптерін ашуға ниетті кәсіпкерлердің қатары да көбейіп келеді. Жуырда тағы бір өндіріс орны іске қосылды. Төлеби ауданында «Hydrolife» деген атаумен минералды су шығарыла бастады. Алатау ауылдық округінде орналасқан «Геоминерал» ЖШС асханалық суды таудың мөлдір, таза, минералға бай жерасты суынан өндіріп отыр. Жуырда ғана іске қосылған өндіріс орнында бүгінде тәулігіне 5 және 10 литрлік құтымен 8 мың дана ас суы дайындалады.

Судың пайдасына азғана тоқтала кетейік. Су – тіршілік нәрі дейтін болсақ, минералды немесе тазартылған ас суы адамның денсаулығына тигізер пайдасы ұшан теңіз. Күніне қажетті мөлшерде таза сумен сусынын қандырған адам ешқандай ауруға дес бермейді. Адамның денесін қуаттандырып, нәрлендіретін судың қасиетін айтып жеткізу мүмкін емес. Табиғи минералды су ол құрылымы жағынан жақсы, ағзаға қуат береді, осылайша түрлі вирустар мен инфекцияларға қарсы тұруға көмектеседі. Табиғи минералды су ағза тонусын жақсартады, сондықтан дәрігерлер мұндай суды ауқымды ақыл-ой еңбегі және физикалық жүктемелер кезінде ішуге кеңес береді. Сонымен қатар, ол жүйке жүйесіне, артериялық қысым көрсеткішіне оң әсер етеді.

Бүгінде серіктестікте 40 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Қызметкерлердің орташа айлық жалақысы 70-80 мың теңге көлімінде. Цех мамандарының жұмыс істеуіне барынша қолайлы жағдай жасалған.

«Біз өндіріп отырған өнімнің сапасы кез-келген ас суымен бәсекелесе алады. Тауарға деген сұраныс та жоғары. Сұраныс артқан жағдайда біз де өнім көлемін көбейтеміз деген ойдамыз», – деді мемеке басшысы Рустамбек Махаммедов.

Сұранысқа байланысты дайын өнімнің басым бөлігі Атырау, Ақтау қалаларына жөнелтілуде. Серіктестік басшысы алдағы уақытта «Hydrolife» сусынын еліміздің барлық аймақтарына таратуды жоспарлап қойғанын айтады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей шағын және орта бизнесті дамыту тек қана экономиканың дамуына оң әсерін тигізіп қана қоймай, жергілікті халықты жұмыспен қамтып, ал кейбір өндіріс орындары адамдардың денсаулығына зор үлес қосып келеді.



# ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫСҚА 10 МЫҢҒА ЖУЫҚ ЖҰМЫСШЫ ЖҰМЫЛДЫРЫЛҒАН

Мақтаарал ауданында төтенше жағдайдың салдарын жою жұмыстары тынымсыз жүргізілуде. Жаңа ықшам ауданда 115 үйдің құрылысы толық аяқталды. Жалпы 386 үйдің іргетасы қаланып, қабырғасы қаланған. Басым бөлігінің шатыры жабылып, ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Осы және өзге де маңызды мәселелер облыс әкімі Өмірзақ Шөкеевтің төрағалық етуімен өткен апталық лездемеде ортаға салынды. Мақтаарал ауданындағы құрылыс барысы туралы облыстық құрылыс басқармасының басшысы Тоқтар Үсіпалиев өз баяндама жасады.

“Жалпы Түркістан облысы бойынша құрылыста 9000-нан астам, ал Түркістан қаласында 4 мыңнан астам жұмысшылар жұмылдырылған. Барлық құрылыс нысандарында елдегі карантин талаптары қатаң сақталуда. Жұмысшылар тиісті сақтық шараларын қатаң ұстанып жұмыс істеуде. Түркістан қаласында құрылысы тоқтаған нысандар жоқ”,-деді басқарма басшысы.

Мақтаарал аудандағы құрылыс алаңында 29 мердігер мекеме, 1400 жұмысшы мен 87 арнайы техника құрылыс - монтаж жұмыстарына жұмылдырылған. Мырзакенттегі жаңа тұрғын ауданда 1200 орындық мектеп, 280 орындық балабақша және дірігерлік амбулатория мен полициялық участок құрылысы жүруде. Сондай-ақ, Фердауси ауылынан дәрігерлік амбулатория мен полиция бекеті, Өргебас ауылынан фельдшерлік-акушерлік пункт пен полициялық бекет салынып жатыр.

Тасқын судан зардап шеккен елді мекендерде газ жүйелерінің монтаждау жұмыстары 98 пайызға орындалды. Түркістан облыстық энергетика және тұрғын үй –коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметінше, мамандар төтенше жағдай орын алған аймақта екі негізгі бағыт бойынша жұмыс істеуде.

Облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев құрылыс жұмыстарының сапалы да барлық талаптарға сай жүргізілуін жүктеді. Сондай-ақ, жаңа ауданда жарықтандыруға күш салуды тапсырды.

Ықшам ауданға инженерлік инфрақұрылым жүргізілiліп, Фирдауси, Өргебас, Жеңіс және Жаңатұрмыс елді мекендерінде ауыз су жүйелері қалпына келтіріліп жатыр. Халықты сапалы ауыз сумен қамту мақсатында 8 шақырымға жуық су жүйелері өткізілген. 24,4 шақырым электр желісі тартылып, 156 жарық шам орнатылған. Электр жүйелерін өткізу жұмыстары 95% жүзеге асқан.

Сардоба су қоймасы бөгетінің жарылуынан аймақта 11 елді-мекенде 1031 тауар өндірушінің 5,9 мың га егістік алқабы зардап шеккен болатын. Ауылшаруашылығы саласы мамандарының қатысуымен жасалған есепке сәйкес, жалпы шығын көлемі 1,142 млрд теңгені құрайды. Бүгінде қос ауданда 3,4 мың га жер қайта өңделіп, ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Атап айтқанда, мақта, бақша өнімдері мен жүгері, күріш егу жұмыстары жалғасуда.

Келтірілген шығын көлемі «Қазақ мақта шаруашылығы FЗИ» ЖШС тарапынан ұсынылған технологиялық картасы негізінде 1 га егістің шығыны мен өткен жылы алынған өнімнің 1 кг-на нақтыланған статистикалық бағасы негізінде есептеліп, облыстық ауылшаруашылығы басқармасы тарапынан Үкіметтің қарауына ұсынылған.

# АУЫЛШАРУАШЫЛҒЫ АДЫМДАҒАН ҚУАТТЫ ӨЛКЕ




Жалпы Түркістан облысы елімізде жетекші аграрлы аймақтардың бірегейі. Бүгінде облыста бау-бақша өнімдері, ақ ұлпа мақта, түрлі дәнді-дақылдар егіледі. Одан бөлек, инновациялық технологияларды қолдану арқылы тамшылатып және жаңбырлатып суару жүйесі іске қосылса, бір жылда бірнеше түрлі өнім алу да соңғы жылдары толағай табыс алып келуде. Ал, жыл он екі ай жылыжайдан мол өнім алу арқылы республикамызда көш бастауда. Қажырлы еңбектің арқасында Түркістан облысы шаруаларының өнімі алыс және жақын шетелдерге экспортталуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа арнаған «СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІ НЕГІЗІ» ауылшаруашылықты дамыту бойынша «Ауыл шаруашылығы – біздің негізгі ресурсымыз, бірақ оның әлеуеті толық пайдаланылмай отыр. Ел ішінде ғана емес, шетелде де сұранысқа ие органикалық және экологиялық таза өнім өндіру үшін зор мүмкіндіктер бар» деді. Биылғы маусымда да Түркістан облысының қала, аудандарында егін бітік шығып, тұтынушылардың қажеттіктерін өтеуде. Одан бөлек, бірнеше мыңдаған тонна егістік өнімі көрші елдерге экспортталып та үлгерді. Мәселен, хош иісті алмасымен әйгілі Түлкібас ауданында жаздық алманы жинау науқаны қарқынды түрде жүріп жатыр. Шаруалар бүгінге дейін 535 тонна өнім жинап үлгерген. Ал, қыркүйек айында жаппай терім, яғни күздік алманы да жинау науқаны басталады. Жалпы биыл мамандардың пайымдауынша 30 мың тонна алма теріліп, рекордтық көрсеткіш орындалады. Былтырғы жылы ауа райының қолайсыз болуына байланысты өнім көлемі 20 мың тоннаны құраған. Ауданның 2020-2025 жылдарға арналған даму концепциясына сәйкес Түлкібастың брендіне айналған алманың өнімділігін арттыру көзделіп отыр. Осыған байланысты алма бау көлемін 760 гектарға ұлғайтып, жалпы көлемін 3355 гектарға жеткізу жоспарланған. Бұл бағытта аудан әкімдігінің тікелей ұйытқы болуымен жүйелі шаралар іске асуда. Мәселен, жыл соңына дейін жоспарға сай 100 гектар жерге алма көшеттері отырғызылуы керек болса, бүгінде соның 75 гектары игеріліп отыр.



Сондай-ақ, Президентіміз Жолдауда Отандық өнім тек шикізатпен шектеліп қана емес, дүкен сөрлеріне дейінгі өнім шығаратындай әлеуетке ие болуы тиіс деген-ді. Яғни, «Ауыл шаруашылығы өнімін экспорттау ісінде шикізатқа негізделуден бас тарту керек» дей келе, «Өнім өңдейтін кәсіпорындар әлеуетінің 40 пайызы ғана пайдаланылып отырғанына қарамастан, оның көлемі 70 пайызға жетті. Ауыл шаруашылығына шетелден инвесторлар тарту – маңызды міндет. Келіссөздер жүргізіліп жатыр. Үкімет нақты нәтижеге қол жеткізуі керек» деп одан әрі дамытуға тапсырмалар берген болатын. Түркістан облысында Президент тапсырмасына сай жұмыстар жүйелі атқарылып келеді.

Олай деп айтуымыздың себебі де жоқ емес. Аймақтағы бақша дақылдарының 53% экспорттталады. Өзге өңірлерді жемісжидек, көкөніспен қамтамасыз ететін жері құнарлы өлке осылайша бүкіл Қазақстан халқы қажеттілігінен 3.2 есе артық бақша өнімдерін өндіреді. Бақша өнімі Түркістан облысы үшін экспортқа бағытталған мақтадан кейінгі екінші өнім болып отыр.



Облыстың табиғи климаттық ерекшелігіне орай, ерте пісетін бақша, көкөніс, картоп өнімдерін жинау қарқынды жүргізілуде. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, пияз, сәбіз, қызанақ, қияр еккен 10276 шаруа қожалықтары 1 га-дан орташа 1,5-2 млн.теңге төңірегінде табыс көреді. Диқандар жылына екіүш өнім алу мен жаңбырлатып суару жүйесін мықтап қолға алған. Алдын-ала жасалынған есеп бойынша биыл 2,8 млн.тн. көкөніс, бақша, картоп өнімдерін жинау күтіліп отыр. Бүгінгі күнге 1,8 млн.тн. немесе 64% жиналды.

6 айда атқарылған жұмыс нәтижесі бойынша, өңірде 60 пайыз астық орылып, гектар түсімділігі 19,0 центнерден 261,1 мың тонна астық қамбаға құйылды. Астық ору науқаны тамыз айының алғашқы он күндігінде аяқталып отыр.

Мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау мен субсидиялау да мал басы мен өнімділіктің ұлғаюына оң әсерін тигізуде. Атап айтқанда, мал басын ұлғайтуға 6,4 млрд.теңге бөлініп, 936 агроқұрылымға 2,5 млрд. теңге субсидия төленген. Нәтижесінде, жарты жылда ірі қара мал саны 6,1-ға артқан.

Экономикалық өсімі қарқынды әрі, ауыл шаруашылығы саласы бойынша елде ерекше орны бар Түркістан облысында жалпы саны 71,8 мың шаруа қожалығы тіркелген. Республикадағы үлесі 33 пайызды құрайды. 200 мыңға жуық азамат егін, мал шаруашылығында жұмыспен қамтылған. Жыл соңына дейін ауыл шаруашылығы өнімі өткен жылдан 77 млрд. теңгеге артып, 706,0 млрд. теңгені құрайды деп күтілуде.

Мәселен, Сайрам ауданында 84 тонна қой еті мен 1638 тонна ірі қара мал еті экспортқа шығарылды. Жыл соңына дейін сайрамдықтар 500 тонна қой, 2 мың тонна ірі қара етін экспортқа шығаруды жоспарлап отыр.



Бұдан бөлек ауданда соңғы 6 айда жалпы 14833 тонна ет, 73095 тонна сүт, 8950 мың жұмыртқа өндірілген. Бұл көрсеткіш 2019 жылмен салыстырғанда ет бағыты бойынша 107,9, сүт 112,7, жұмыртқа 105,5 пайызға артып отыр.

Сондай-ақ, ауданда төрт түлік саны да артып келеді. Мәселен, 2020 жылдың 6 айында 263 353 бас майда, ірі қара мал, оның ішінде 52 943 басы аналық, 82075 бас жылқы, 165 713 бас қой-ешкі, 132 456 бас құс тіркелген.

Мұнан бөлек, бүгінде ауданда 1012 мал бордақылау орындары жұмыс істеп тұр. Осы алаңдарда бір мезгілде 43 мың бас мал бордақылануда. Сондай-ақ, биылғы жылы аудан бойынша 10-15 бастық 118 шағын мал бордақылау алаңдарын ашу жоспарланса, 6 айда оның 109-ы іске қосылған. Сонымен қатар, ауданда сүт өндіру мақсатында 10-15 бастық 27 жанұялық сүт ауласы құрылған.

Аудан аумағында асыл тұқымды ІҚМ басын арттыруға бағытталған іс-шаралар негізінде Қарабұлақ ауыл округіндегі орналасқан «Зафар» шаруа қожалығы және жеке кәсіпкер «Раимкулов» шаруашылықтары шет мемлекеттен 212 бас асыл тұқымды аналық мал басын сатып алған.

Одан бөлек, Түркістан облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2024 жылға дейінгі кешенді жоспары аясында, азықтүлік белдеуін құру бойынша 7 жобаға басымдық беріліп, жұмыстар атқарылуда.

Өткен жылы «Түркістан Агро XXI» ЖШС-мен 733 гектарға жаңбырлатып суару технологиясын ендіру және «МТС құру» жобалары іске асырылды. Серіктестіктің жер көлемі 1046 гектар құрайтын 108 шаруа қожалықтары біріктіріліп, 733 гектар аумаққа АҚШ-тың «T-L» компаниясының 18 бірлік жаңбырлатып суару машиналары орнатылды. Аталған аумақтың 161 гектарына күздік бидай, 260 гектарға жоңышқа, 312 гектар жүгері өнімі егілді. Сонымен қатар, МТС-ке 26 бірлік заманауи ауыл шаруашылығы техникалары алынды.

Алынған жем шөп қорымен итальяндық технологиямен іске қосылатын 1200 басқа арналған тауарлы-сүт фермасы жобасын азықпен қамтамасыз ету жоспарланған болатын.

«SPK-SAURAN» АШӨК-нің «829 гектарға жаңбырлатып суару технологиясын ендіру» жобасы бойынша өткен жылы «Valmont Industries» компаниясымен 3 жаңбырлатып суару машиналары 159 гектар аумаққа орнатылды. Жоба бойынша тағы 12 бірлік жаңбырлатып суару машиналары 2020 жылдың қыркүйек айына дейін орнату бойынша келісім жасалған.

Қазіргі таңда, «Аграрлық несие корпорациясы» 10 мың басқа арналған ірі қара мал бордақылау кешенін азықпен қамтамасыз ететін болады. Аталған жоба бойынша ЖСҚ дайындалып, австралиялық «Adamand Enterprises Pty» Ltd компаниясымен жұмыс жүргізу үшін келіссөздер жасалуда.

Ал, «Ынтымақ Агро XXI» ЖШС-і «782 гектар жерді жаңбырлатып суару технологиясын ендіру» жобасын іске асыратын болады. Қазіргі таңда, 782 гектар аумақтағы 67 жер иеленушілермен бірлескен қызмет туралы келісім-шарт жасалынуда. 462,8 гектарға 8 бірлік «Bauer» (Австрия) маркалы жаңбырлатқыш машиналарды сатып алуға келісім шарт жасалынды.

«KAZAGRO PROJECT» ЖШС-і жылына «20 мың тонна құс етін өндіру» жобасының алғашқы кезеңін жүзеге асыру үшін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-на құжаттар тапсырды. Бұл жобаның алғашқы кезеңі бойынша 5 мың тонна құс етін өндіру жоспарлануда.

Ал, «400 гектарға жерге жеміс ағашын отырғызу» жобасы бойынша алғаш болып ерте пісетін алхоры жемісін отырғызу жоспарлануда. Қазіргі таңда, жеміс дақылдарын отырғызудың технологиялық картасы мен жобасы жасалынып жатыр. Бұл жобаны «Dala Fruit.Kz» ЖШС жүзеге асыратын болады.

Жоғарыда аталған жобалар бойынша яғни азық-түлік белдеуі аясында іске асырылып жатқан жобалар бойынша 500-ден аса жаңа жұмыс орындары ашылады.

Алдағы уақытта қосылатын жаңа жобалар арқасында жаңа жұмыс орындар саны артатын болады.

Ал жуырда, Түркістан қаласында былтыр отырғызылған алма ағаштары жеміс бере бастады. Облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев шаһардағы бау-бақшаға бөленген ерекше саябақтарды аралады. Облыс әкімінің тапсырмасымен саябақтар мен орталық көшелердің бойына жеміс ағаштары отырғызылған болатын. Жасыл желекке бөленген көне қалада көгалдандыру жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді.

Иә, бір алақан жерді де тиімді пайдалана білсек, жер ананың сыйсыз қалдыруы мүмкін емес. Тек еңкейіп еңбектенсек болғаны. Ауылшаруашылық өнімдері ел экономикасына да диқандар мен кәсіпкерлерге де мол табыс алып келетінін ескерсек, халық санының артуы және экологиялық таза өнімдерді тұтыну дәл осы ауылшаруашылық өнімдеріне деген сұранысты арттырып – ақ тұр. Мемлекеттік қолдауды тиімді пайдаланып, шаруаларын дөңгелетем деушілер үшін бұл сала таптырмас мүмкіндік.

